

2025-2026 оқу жылында «Балдәурен» МДҰ –да ҚР оқу-ағарту министрінің «Тиісті типтердегі және түрлердегі мектепке дейінгі, орта білімнен кейінгі қосымша білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» 2022 жылғы 31 тамыздағы №385 бұйрығы негізінде отбасы мен тәрбиеленушіні әлеуметтік-педагогикалық қолдау мақсатында мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен қамтылмаған балалардың ата-аналарының қажеттіліктері ескеріліп, ата-аналарға арналған консультациялық пункт отырысының

Анықтама

Қатысканы: 4

Күні: 11.09.2025 ж

Қатыспағаны:

Тақырыбы: «Консультациялық пункттің мақсат-міндеттері»

Тыңдалды:

«Балдәурен» МДҰ басшы м.у.а Ж.Қ.Мырзабек сөз алды:

Сәлеметсіздер ме ата-аналар! Биылғы оқу жылында консультациялық пункт өз қызметін жасайтын болады. Негізгі мақсатымыз ата-аналарды (заңды өкілдері) консультациялық пункттің қызметімен таныстыру арқылы мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласында ата-аналардың педагогикалық мәдениетін артыру, отбасындағы тәрбиенің сапасын жақсарту және бала дамуына кәсіби қолдау көрсету. Ата-аналарға баланың жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, оны жан-жақты дамытуға бағытталған кеңестер беру. Баланың сөйлеу, мінез-құлық эмоциялық дамуындағы ауытқулардың алдын алу және түзету бойынша көмек көрсету. Мектепке дейінгі бармайтын балалардың ата-аналарына әдістемелік және психологиялық қолдау ұйымдастыру. Отбасы мен балабақша арасындағы ынтымақтастықты нығайту, өзара серіктестік орнату. Ата-аналардың сұранысына қарай мамандардың (психолог, тәрбиеші, медбике) қатысуымен жеке және топтық консультациялар өткізілетін болады.

«Балдәурен» МДҰ әдіскері М.Қ.Сағынбаева сөз алды:

Құрметті ата-аналар бүгінгі балабақшамыздағы консультативтік пункт қызметі бойынша сіздермен алдағы уақытта да жұмыстанып отыратын боламыз. Консультациялық пункт ата-аналар мен отбасы мүшелеріне, баланың тәрбиесі мен дамуы бойынша психологиялық-педагогикалық және әдістемелік көмек көрсетуге бағытталған. Біздің негізгі мақсатымыз балабақша мен отбасы арасындағы байланыс пен серіктестікті нығайту, баланың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, оның дамуына ықпал ету жолдарын түсіндіру, ата-аналардың педагогикалық және психологиялық сауаттылығын арттыру. Бізде алда ата-аналарға балалардың жас ерекшеліктеріне сай даму ерекшеліктері жөнінде кеңестер беріледі. Сонымен қатар психолог, тәрбиеші, медбике мамандары тарапынан да көмек көрсетіліп, әдістемелік көмектер беріліп отырады.

«Балдәурен» МДҰ

басшы м.у.а:



Ж.Қ.Мырзабек

Хатшы:



М.Қ.Сағынбаева

